

**ҚарТУ «Шетел тілдері» кафедрасы 2021 жылдың 17 қарашасында
сағат 15:00 де тәрбиелік іс-шара өткізеді**

**Дөңгелек үстел:
"Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!"**

Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне, қызылша, туберкулездің, нашакорлықтың, темекі шегудің, COVID-19 алдын алуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шара Microsoft Teams-те онлайн режимінде өтеді, оған 50-ден астам студенттер, сондай-ақ шет тілдері кафедрасының оқытушылар құрамы қатысады.

ҚарТУ 1 курс студенттері дөңгелек үстел тақырыбы бойынша өздерінің презентациялары мен бейнежұмыстарын ағылшын тілінде ұсынып, тыңдаушылар мен іс-шараның басқа қатысушыларының сұрақтарына жауап бере отырып, өз білімдері мен пікірлерімен бөліседі. Дөңгелек үстелге қатысушылар заман дертіне айналған індеттердің алдын алу жолдарымен бөліседі.

Бұл іс-шараның мақсаты: студенттердің салауатты өмір салтына деген ұмтылысын қалыптастыру, студенттердің денсаулық және салауатты өмір салты туралы білімдерін жаңарту және дамыту; өзін-өзі талдау және ұсынылған ақпаратты бағалау дағдыларын дамыту; белсенді өмірлік ұстанымға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Бұл тәрбиелік іс-шара ҚарТУ студенттерінде салауатты өмір салтын, деструктивтік іс-әрекеттердің алдын алатын мінез-құлықтың жоғары функционалдық стратегияларын және жеке ресурстарды қалыптастыруға арналған, сонымен қатар жеке және қоғамдық гигиена мен санитария ережелерін сақтауға тұрақты мотивацияны дамытуға; тамақтануды ұтымды ұйымдастыру; дене шынықтыру, спортты насихаттауға бағытталған. Салауатты өмір салты арнайы тамақтану немесе спортпен ғана шектелмейді. Салауатты өмір салты – денсаулықты жақсартуға және ағзадағы патологиялық процестердің алдын алуға бағытталған шаралардың тұтас кешені. Салауатты өмір салты ережелерін сақтау өмір сүру ұзақтығын айтарлықтай арттыруға және оның сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Денсаулық – адамның еңбекке қабілеттілігін анықтайтын және жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін бірінші және ең маңызды қажеттілік. Бұл айналадағы дүниені танудың, өзін-өзі бекітудің және адам бақытының ең маңызды алғышарты. Белсенді ұзақ өмір адам факторының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. ЖИТС-ке, АИТВ-ға, нашакорлыққа және т.б. қарсы профилактикалық іс-шараларды әзірлеу саласында студенттерді ақпараттандыруға және олардың салауатты өмір салтына деген ұмтылысын дамытуға бағытталған іс-шараларды университетте өткізу негізді болады.

Іс-шараға жауаптылар:** шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент **Джантасова Дамира Дулатовна**, кафедраның тәрбие жұмысына жауапты оқытушы **Исина Назерке Темірқабылқызы**, кафедра оқытушылары **Мағауина Г.М., Жданова Э.А.

Microsoft Teams коды: 7ru4ggt